

қатынастарын зерттеп, зерделеген Бақытты Батыршаұлының «Сұлтан Бейбарыс мемлекетінің Қыпшақ даласымен байланыстары», - атты еңбегі тың мәлеметтері және пайымдары Тәуелсіз Еліміздің тарихын тәуелсіз тарихи санаға жетелеу үшін тарихымызға қатысты жазба деректерді түпнұсқадан қазақ тіліне ауқымды және жүйелі түрде аударма мәселесін қолға алуымыз тиімді екендігінің айқын айғақтары іспеттес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Құран
1. Әта мәлік уикипедия: данешнама азат, парсыша
 2. Әта Мәлік Жовейни, «Әлемді жаулаушы тарих», үш томдық, текстологиясын жасап, алғы сөз жазған: Мұхаммед Ваһабұлы Қазвини, Голландия, Ләйден қаласы, «Берил» баспасы, 1911 ж.
 3. Әта Мәлік Жовейни, «Әлемді жаулаушы тарих», үш томдық, текстологиясын жасап, алғы сөз жазған: Мұхаммед Ваһабұлы Қазвинидің алғы сөзі, 1-том. Голландия, Ләйден қаласы, «Берил» баспасы, 1911 ж.
 4. Зардыхан Қиянатұлы «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр», Астана, Елорда, 2001, 208 бет.
 5. Лувсанданзан, «Алтын шежіре»/Моңғол тілінен ауд. А.Мауқарұлы,- Алматы: Өнер, 1998 -224 бет.
 6. Отрар энциклопедия-Алматы, «Арыс» баспасы, 2005.
 7. Моңғол империясы (The Mongol Empire), Mary Hull, парсы тіліне аударған: Надыр Мирсаиди, Тегран «Қокнус» баспасы, 1380, 136 б.
 8. Рашиддин Фәзлалла «Жамеһ-әт-тауарих» Тегран «Әлборз» баспасы, бірінші басылымы, 1373 ж.
 9. Тіленберді Әбенайұлы Тыныбайын «Құпия шежіренің» құпиясы, Алматы «Нұрлы Әлем» баспасы, 2010, 570 бет.
 10. Моңғолдың құпия шежіресі, моңғол тілінен қазақ тіліне аударған-Мағауия Сұлтаняұлы, Алматы «Өнер» баспасы, 1998,- 224 бет.
 11. Лувсанданзан «Алтын шежіре», моңғол тілінен ауд: Абай Мауқарұлы, «Өнер» баспасы, 1998,- 224 бет.
 12. Уикипедия-қазақша
 13. Wikipedia –persian
 14. Қазақ тілінің сөздігі, А.Байтұрсынұлы тіл институты, Алматы, 1999, 775 бет.
 15. Шейх Аһмет Құдайдад Тарази, (Фунн البلاغه) Көркем сөз өнері, ауд: И.Жеменей, «Таңбалы» баспасы, Алматы, 2013, 440 бет.
 16. Ибн Бәтуте «Сапарнама», ауд: Мұхаммед Әли Мұвәһед, бірінші том, Тегран, «Ғылыми-фәрһанги орталығы» баспасы, 1361 ж. 447 бет.
 17. Ибн Бәтуте «Сапарнама», ауд: Мұхаммед Әли Мұвәһед, екінші том, Тегран, «Ғылыми-фәрһанги орталығы» баспасы, 1361 ж. 451- 879 беттер .
 18. Шарафеддин Әлі Йәзди, Зафарнама, парсы тіліндегі қолжазбасы, Ташкет, Фан баспасы, 1972 ж.
 19. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, «Бабырнама», жауапты шығарушы: Һедаиетолла Һедаиет, Ауғанстан- Мазар Шәріп, «Мырза Ұлықбею» баспасы, 1378 ж. 555 бет.
 20. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Екі кітап/ Тарих-и- Рашиди, Аударған және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, Алматы, «Қазақ университет» баспасы, 2020. 1-кітап,-367 б.

21. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Екі кітап/ Тарих-и- Рашиди, Аударған және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, Алматы, «Қазақ университет» баспасы, 2020. 2-кітап,-450 б.

22. Ислам Жеменей, Парсы және түркі жазба деректеріндегі қазақ тарихы (Ежелгі және ортағасырлық дәуір). – Алматы, «Сардар» баспа үйі 2019,- 224 бет.

23. Берекет Кәрібай, Қазақ тарихының құрылу тарихы, Монография, Алматы, «Сардар» баспа үйі, 2014-520 бет.

24. И.Жеменей, Тараз - парсы ақындарының жыр шумақтарында –Алматы: «Зерде» 2002,-32 бет.

25. М. Мырзахметұлы, И.Жеменей, А. Әбдіәли КөнеТараз–Алматы: «Санат» 2002,-216 бет.

26. Бақытты Батыршаұлы, Сұлтан Бейбарыс мемлекетінің қыпшақ даласымен байланыстары. XIII-XV ғғ.Зерттеу-Астана: Ақ Жайық, 2016,-216 бет.

27. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и- Рашиди, парсы тіліндегі Текстологиясын жасап және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, Тараз, «Сенім» баспасы, 2014,- 600+32 қосымша бет.

28. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Екі том, Тарих-и- Рашиди, бірінші кітап, парсы тіліндегі Текстологиясын жасап және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, Тегран, «Оғыз» баспасы, 2020 ж. 320 бет.

29. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Екі том, Тарих-и- Рашиди, екінші кітап, парсы тіліндегі Текстологиясын жасап және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, Тегран, «Оғыз» баспасы, 2020 ж. 655 бет.

30. Мырза Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и- Рашиди, толық нұсқа, парсы тіліндегі Текстологиясын жасап және түсінітемелер жазған: Ислам Жеменей, алғы сөз жазғандар: И. Жеменей, Б. Бек Бабаи, Тегран, «Оғыз» баспасы, 2020 ж. 781 бет.

قران كريم
1. عطا ملک جوینی، تاریخ جهانگشاى، سه جلدی، مصصح: محمد وهاب زاده قزوینی، نسخه هلد، کتابخانه لیدن، انتشارات «بریل» 1911،

2. مرى هال، امپراتورى مغول، ترجمه: نادر ميرسعيدى، تهران، انتشارات ققنوس، 1380، 136 صفحه.
3. رشيدالدين فضل الله، جامع التواريخ، تهران، انتشارات البرز، چاپ اول، 1375 هجرى.

4. شيخ احمد خدایداد طرازى، فنون البلاغه، تركى، ترجمه: اسلام چمنى، الماتى، انتشارات تانگ بالى، 2013، 440 صفحه.

5. ابن بطوطه، سفرنامه، ترجمه: محمد على موحد، جلد دوم، تهران، انتشارات مركز علمى فرهنگى، 1361 هجرى، 447 صفحه.

6. شرف الدين على يزدى، ظفرنامه، نسخه دستنويس، تاشكند، انتشارات فن، 1972،
7. ميرزا محمد حيدر دوغلات، تاريخ رشيدى، تهران، انتشارات اوغوزخان، 1399 هجرى،

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНЕН ЖЕТКЕН ТАРИХИ МӘТЕЛДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕР

Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы

XIII-XV ғасырларда Еуразия құрлығының басым бөлігінде, шығысы Ертіс өзенінен батыста Дунай өзеніне дейінгі орасан зор аумақта өмір сүрген Алтын Орда секілді алып империяның тарихы екі ғасырға жуық уақыт бойы тек арнайы зерттеуші мамандардың айналысып келген

тақырыбы болса, соңғы жылдары алып империяның мерекелік датасына байланысты оған деген қоғам тарапынан қызығушылықтар арта түсіп, тақырыптың өзектілігін одан сайын арттырып отыр. Алтын Орданың тарихнамасы өте кең ауқымды қамтиды, әсіресе саяси тарихы, қоғамдық қатынастары, сыртқы қатынастары, әкімшілік - басқару жүйесі, жекелеген хандары мен маңызды оқиғалары, археологиясы, мәдениеті мен әдебиеті және тағы басқа мәселелері жөнінде мамандардың арнайы зерттеу еңбектері бар.

Дегенменде, әлі де болса, бұл көлемді тақырыптың зерттелмей жатқан қырлары мен тұстары жетерлік. Сондай қырларға Алтын Орда дәуіріндегі жекелеген хандардың өміріне, жүргізген саясатына, маңызды оқиғаларға қатысты жергілікті тұрғындар арасында пайда болып, жазба деректер немесе ауыз әдебиеті арқылы бүгінге дейін жетіп отырған тарихи сөз тіркестері жатады. Бұл тарихи сөз тіркестері жергілікті халықтың сол оқиғаға немесе тарихи тұлғаның болмысына қатысты көзқарасын, соларға қатысты халықтың бағасын көрсетсе керек. Біз оларды талдау арқылы сол замандағы оқиғаларды, тарихи тұлғаларды тереңірек түсінуге мүмкіндіктер ала аламыз. Сол себепті де осы мақаламызда Алтын Орда дәуірінде нақты тарихи тұлғаларға, маңызды оқиғаларға қатысты пайда болған бірнеше тарихи сөз тіркестеріне тоқталып, олардың шығу себептері мен мазмұндарына тоқталуды жөн көріп отырмыз.

Жалпы түрік халықтарының тарихында, оның ішінде қазақ халқының тарихында әр ғасырдағы белгілі бір оқиғалар мен тарихи тұлғаларға қатысты сақталған тарихи сөз тіркестері бар. Мысалы, XX ғасырдың 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдар басындағы елімізде жүргізілген аграрлық реформа мен соның салдарлары туралы «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген сөйлемнен кенестік биліктің бұл реформаны қалай жүзеге асырғанын көрсек, «Зар заман» деген сөз тіркесінен XIX ғасырдағы отарлық саясатқа қатысты қазақ халқының мұң-зары анық сезіліп тұр. Ал «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама» деген сөз тіркесі XVIII ғасырдың 20-шы жылдарындағы жоңғар шапқыншылығының қазақ халқы үшін қандай ауыр болғандығын көз алдымызға елестетеді. Ал араб-парсы халықтары ортағасырларда аса маңызды оқиғаларды, танымал тарихи тұлғаларға қатысты болған оқиғаларды «абжад» арқылы беретіндігі белгілі. Ол дегеніміз – біріншіден, сан арқылы оқиғаның болған жылын көрсетілсе, екіншіден, сан арқылы берілген сөзден не сөз тіркесінен оқиғаның қысқаша мазмұны мен мәнін беру болған.

Енді біз төменде алдыңғы бетте айтып өткеніміздей, Алтын Орда дәуірінде пайда болған тарихи сөз тіркестерінің әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, алтынордалық дәуірдің тарихына қатысты жазба деректер мен ауыз әдебиетіндегі материалдардың мәліметтері арқылы олардың пайда болуы мен мән-мағынасын түсіндіріп көрелік.

Алтын Орда дәуірінен ауыз әдебиеті арқылы күні бүгінге дейін жеткен тарихи сөз тіркестерінің біріне - «**Дін Өзбектен қалды**» деген сөз жатады. Бұл тарихи сөз тіркесін алғаш рет ел аузынан жазып алып, кітап бетіне

түсірген Ш.Құдайбердіұлы болды[1,22]. Қазіргі таңда бұл тарихи сөздің пайда болу тарихы мен мағынасын кейбіреулер жете білмегендіктен, қате түсініктерге барып жүр. Бұл тарихи сөз тіркесі - XIV ғасырдың бірінші жартысында, нақтырақ айтсақ, 1312-1342 жылдары Алтын Ордада хан болып, ислам дінін мемлекеттің ресми діні етіп жариялаған Батыйдың ұрпағы, Тоғырыл ұлы Өзбек ханның діни саясатына қатысты айтылып отыр. Осы жөнінде тереңірек тоқталайық.

Өзбек ханның Алтын Ордада исламды ресми дін етіп жариялауы бірден бола қойған жоқ. Оның өзіндік тарихы бар. Көп жағдайда дін болсын, басқа да өзгерістердің ел ішінде таралуына биліктегі тұлғалардың шешуші роль атқаратындығы белгілі жайт. Алтын Орданың негізін қалаған Батый ханнан Өзбек ханға дейінгі 70-80 жылдай уақыт ішінде Жошы Ұлысы аумағындағы жергілікті тұрғындар мен билеуші әулеттің өкілдері арасында, сондай-ақ әлеуметтік топтың әртүрлі жіктелістері арасында дін мәселесінде еркіндік сақталғаны белгілі. Ал жекелеген хандар өздері мұсылмандықты қабылдап, исламның таралуына ықпал жасайды.

XIII ғасырдың ортасынан XIV ғасырдың ортасына дейін Алтын Ордаға Мысыр елінен келген ресми елшілердің, саудагерлердің, саяхатшылардың жазбаларында осы уақыт ішіндегі Сарайдағы хандардың ислам дініне қатысты ұстанымдары мен көзқарастары жақсы баяндалады. Батый ханның қай дінге болса да еркіндік бергені белгілі. Ал оның орнына келген Берке ханның мұсылманшылығы жөнінде жазба дерек мәліметтері мен XVI ғасырда қағазға түске ауыз әдебиетінің материалдарында жақсы баяндалады. Парсы тарихшысы Жүзжанидың(1193 ж.т.) мәліметтерінде Берке хан дүниеге келісімен әкесі нәрестенің кіндігін мұсылман әйелге кестіріп, мұсылман әйелдің сүтін емгізгендігін айтады[2,16]. Осы сарындағы әңгімені XVI ғасырда Өтеміс қажы «Шыңғыс-наме» кітабында баяндап, «оның туа сала мұсылман болғандығын» жазады[3,96]. Ал Египет тарихшысы Эннувейри(1279-1333) Берке ханның мұсылмандығы туралы былай деп жазады: «...Бұл Берке мұсылман болды және оның діншілдігі керемет болатын. Ол мұсылмандық дәстүрді енгізді, дін басыларына құрмет көрсетіп, оларды өзіне жақын тартты, оларды жанында ұстап, дос болды, мемлекетте мешіттер мен мектептер салдырды. Ол Шыңғыс хан ұрпақтары арасында исламды алғашқы болып қабылдады... Ол мұсылман болған кезде оның халқының көп бөлігі исламды қабылдады»[4,151]. Осылайша, 1256-1266 жылдары он жыл билікте болған Берке хан Алтын Ордада ислам дінінің кең таралуына жол ашып береді. Одан кейінгі кезеңде Алтын Орданың Моңғол империясынан заңды түрде бөлініп, жеке дербес мемлекет ретінде өмір сүруі ислам дінінің одан әрі таралуына еш зиянын тигізе қоймады.

Берке ханнан кейін Алтын Орда тағын иеленгендер: Батыйдың немересі, Тоғанның(Тұқан) ұлы Менгу Темір ханның(1266-1282), Менгу Темірдің ұлы Тұла інісі Тұда Мөңке ханның(1282-1287), Менгу Темірдің ұлы Тоқта Бұқаның(1287-1292) және Менгу Темірдің тағы бір ұлы Тоқта ханның(Тоқтай, Тоқтаға) (1292-1312) тұстарында әр ханның исламға

көзқарасы мен ұстанымы, сондай-ақ Алтын Орданың Египетпен саяси және экономикалық қарым-қатынастарының екі жақ тарапынан да өте қарқынды жүруі Жошы ұлысы аумағында ислам дінінің тереңдеуі мен жайыла түсуіне зор ықпалын тигізеді. Берке ханнан кейін 16 жыл Сарай тағында отырған Меңгу Темір ханның исламды қабылдағанын ешбір араб дерегінің мәліметі жазбайды. Бір дерек мәліметінде ол тіпті қайтыс болған бір сұлтанның жесірін оның ұлына үйлендірмек болғандығы айтылады[5,103]. Бұл жағдай әрине, оның мұсылман болмағандығын көрсетсе керек. Ал ол қайтыс болғаннан кейін Сарай тағын иеленген інісі Тұда Мөңке ханның исламды қабылдағанын және өзіне Египет сұлтанынан мұсылманша есім сұрағанын араб авторлары баяндайды[6,68; 4,165]. Тіпті, оның мемлекеттің маңызды істерінен бас тартып, сопылық жолға түскені жөнінде айтылады[5,105-106]. Ал 4-5 жыл билеуші болған Тұла Бұқа ханның ислам дініне қатысы жөнінде ешбір дерек мәліметі ақпар бермейді.

Тоқта ханның ислам дініне қатыстылығы туралы қарама-қайшылықты мәліметтер бар. Бір деректе оны дінсіз болды, бұттар мен жұлдыздарға табынды, ламаларды жақын тартты, әртүрлі дінді ұстағандардың ішінде мұсылмандарға ерекше құрмет көрсетті делінеді[7,174; 8, 206; 9; 277]. Ал басқа бір араб дерегінде Тоқтай хан мұсылман болды делінеді[10,196]. Жоғарыда келтірген дерек мәліметтеріне талдаулар жасай келе, біз соңғы дерек мәліметінің ауылы ақиқаттан алыс жатыр деп санаймыз.

Осы жерде біз қарастырып отырған мәселеге тікелей қатысы бар мынадай бір қызықты дерек мәліметін айта кетуіміз керек. Ол деректе: «Оның(Тоқта ханның – Б.К.) бір ұлы болды, одан артық келістіні ешкім көрген емес; ол мұсылман болды, түсінбесе де Құран оқығандарды тыңдауды жақсы көретін, әкесінен соң таққа келісімен исламнан басқа ешбір дінді бұл елде қалдырмаймын», - деп ойлайтын. Бірақ ол әкесінен бұрын қайтыс болды», - делінеді.[7, 174]. Ибнхальдун бойынша Тоқта ханның ұлының аты –Ильбасар, ал қайтыс болған жылы – 1319/1310 жыл делінген[11,384]. Бұл дерек мәліметінен Алтын Орданың астанасында Батый ханнан тараған билеуші әулет өкілдері мен оның жақын туыстары арасында, бүкіл Жошының 14 ұлынан тараған сұлтандар арасында, сондай-ақ мемлекеттік қызметтегі әмірлер мен бектер арасында ислам дінінен басқа өзге де діндерді - шамандықты, бақсылықты, тәңіршілдікті, бұтқа табынушылықты ұстанушылардың бар болғанын көреміз. Және де олардың исламнан басқа өзге діндер мен діни сенімдерді ұстанып қана қоймай, өздерінің діни сенімдері негіз болған белгілі бір саяси күштерге ие болғанын байқаймыз. Сонымен бірге дерек мәліметтерінде айтылғандай, жаңа бір ханның таққа отыруы билеуші әулеттің өзге діни бағыттағы өкілдері мен олардың жақтастарының күштеп өлтірілуінің басты себептерінің біріне жатса керек. Ә Тоқта хан ұлы Ильбасардың билікке келмей жатып-ақ, исламнан басқа өзге діннің бәрін елден қуатындығы туралы өз ойларын өзгелерге білдіріп қоюы оның әкесінен екі жыл ерте қайтыс болуына алып келуі де мүмкін.

Дегенменде, Ильбасар жүзеге асыра алмаған идеяны Тоқта ханнан кейін Сарай тағын иеленген Өзбек хан жүзеге асырады. Ол Ильбасардың жіберген қателігін қайталамау үшін билікке келісімен алғашқы қадамдарын басқаша бастайды.

Өзбек хан туралы араб, парсы, түрік тілдеріндегі деректердің бәрі ол жөнінде тек жағымды мәліметтер береді. Ол мәліметтерді жүйелесек, алдыменен Өзбек ханның шығу тегі, сырт келбеті, жеке қасиеттері, билікке келу, діншілдігі және мемлекет басқаруы мен Алтын Ордада жүргізген ішкі-сыртқы саясаты деп шартты түрде топтастыруға болады. Біз бұл жерде «Дін Өзбектен қалды» деген тарихи сөздің пайда болуы мен мазмұнын түсіндіру үшін барлық мәліметтерге тоқталмай, тек өзімізге керектілеріне ғана талдаулар жасаймыз.

Өзбек ханның шығу тегін барлық авторлар бірдей былайша көрсетеді: Шыңғыс хан, одан Жошы хан, одан Батый хан, одан Тоған(Тұқан), одан Меңгу Темір хан, одан Тоғырыл, ал одан Өзбек хан. Араб авторлары Өзбек ханды былайша суреттейді: «...Бұл жас жігіт өте келбетті де келісті, өте ақылды, тамаша мінезді, исламды жақсы ұстанған және батыл, ержүрек болатын»[7,174; 10, 197; 8,206]. Оның билікке келуі оңай болған жоқ. Тоқтай хан қайтыс болғаннан кейін Батый ұрпақтары ішінде тақты иеленуге үміттенгендер саны жетерлік еді. Сондай-ақ хан сарайы маңындағы әртүрлі лауазымдағы бектер мен әмірлердің дін мәселесіне келгенде Өзбекке ішкі наразылықтары қатты болатын. Ол жөнінде дерек мәліметі былай деп баяндайды: «... Әмірлердің Өзбекке жау болуына мынадай жағдай себеп болды. Өзбек үнемі олардан дінге сенуді және ислам дінін қабылдауды талап етіп отырды, оларды соған итермеледі. Ал әмірлер болса оған былай жауап беретін: «Сен бізден бағыну мен тәуелді болуды талап ет, ал біздің қандай сеніміміз бен қай дінге кіретінімізде шаруа болмасын. Біз қалайша Шыңғыс ханның заңы мен жарғысынан бас тартып, арабтардың дініне өтеміз». Өзбек өз дегенінде тұрып алды, ал әмірлер болса, оған қарсы жау болып, теріс айналды, оның көзін жоюға тырысты»[12,141]. Көріп отырғанымыздай, XIV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың билеуші тобы мен мемлекеттік биліктің жоғары деңгейіндегі адамдар арасында дін мәселесі бойынша біржақты ұстаным болмай, көпжақтылыққа негізделген әртүрлі топтар болып, көп жағдайда тақты иеленуде олар жан-жаққа бұрып отырады. Олардың пікірлері туралы: «Әмірлер мен нояндар хандық билік мәселесінде дауласа бастады», -деп жазады дерек мәліметі.[12,141].

Мұсылмандық топқа қарсы болғандардың ішінде әмір Құтлық Темір деген кісі «Патшалық Тоқтайдың ұлына тиесілі, бірақ алдымен Өзбекті тұтқындау керек, өйткені ол біздің жауымыз, сосын ғана Тоқтайдың ұлын отырғызуға болады, - дейді. Әмірлер осындай ұйғарыммен келіседі»[12,141].

Өзбек те Сарайда жалғыз болмаған, оның діни ұстанымы мен бағытын қолдайтындар бірлесе отыра астыртын қимылға көшеді. Тоқтай ханның тұсында мемлекеттегі барлық істерді басқаратын, яғни беклербек лауазымындағы тағы бір Құтлық Темір деген әмір Сарайда мұсылмандық

қалды» деген бір сөзбен айтатын болған. «Дін Өзбектен қалды» деген тарихи сөйлемнің пайда болуы мен мазмұны осындай.

«Нар мойыны Бердібекте кесілді»

Алтын Орда тарихына қатысы бар келесі ескерткіштің біріне - «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген тарихи мәтел жатады. Хронологиялық жағынан алғанда мазмұнына Алтын Орда тарихының бір ғасырдан астам уақытын сидырған бұл тарихи ескерткіш алғаш рет XVII ғасырдағы Хиуа ханы, әрі тарихшысы Әбілғазы ханның еңбегінде кездеседі [17, 117]. Тарихи мәтелдің қысқаша анықтамасы: «Жошы ұлысы мен Алтын Орда тағында болған Батый хан және оның ұрпақтарының билігі Бердібек ханмен аяқталды» дегенді білдіреді. Енді осы тарихи ескерткішке айналған сөйлемнің мазмұнымен танысып көрелік.

Ресми түрде Батый ханның Жошы ұлысына билікке келген жылы – 1227 жыл, ал Батый хан әулетінің соңғы өкілі Бердібек ханның қастықпен өлтірілген жылы – 1359 жыл. Әулет билігінің Алтын Ордада Берке ханның (1256-1266) он жылдық билігімен қоса есептегенде ұзақтығы 132 жылды құрайды екен. Ал Алтын Орданың туы құлаған жылға 1502 жылдың жататыны белгілі. Осы даталарды негізге ала отыра Жошы ұлысы мен Алтын Ордада билік еткен Жошы ұрпақтарының мерзімі 278 жыл болса, оның жартысына жуығы, яғни 132 жылы Батый әулетіне тиесілі екен. Ал қалған 146 жылы Жошының қалған ұлдарының ұрпақтарына жатады.

Енді «Нар мойыны Бердібек хан тұсында кесілді» деген тарихи сөздің мазмұнына назар аударсақ.

132 жыл ішінде Батыйдың інісі Беркені қоса есептегенде 12 хан ресми түрде билікте болып, тақта отырған екен. Олардың ішінде Батыйдың ұлдары – Сартақ пен Ұлақшының және Өзбек ханның ұлы Тыныбек ханның билік ғұмыры өте қысқа болғандықтан, сол заманның тарихшыларының өздері олар туралы мәліметтерді жазба тарихқа енгізе қоймаған.

Батый ханнан кейінгі Алтын Орда хандарының тарихында тақты иелену үшін ашық және жасырын түрде аяусыз күрестер жүргенін жазба дерек мәліметтері баяндайды. Осы аяусыз күрестің алғашқы құрбаны Батый ханның ұлы Сартақ болды. Араб, парсы және түрік тілдеріндегі жазба деректерде Сартақтың кенеттен қайтыс болғандығы жөнінде тек айтылып қана өтілсе, армян деректері өлтірушінің кім екендігін ашық баяндайды. Авторы белгісіз, Себастиа қаласының тұрғыны, тарихшы Себастиа деген атпен белгілі армян тарихшысы өзінің «Жылнамасында» өзіне дейінгі армян тарихшыларының мәліметтеріне сүйеніп, XIV ғасырға дейінгі көптеген оқиғаларды баяндай келе, 1256 жылғы Батыйдың мұрагері Сартақтың өліміне тікелей кінәлілер деп, сол кездің өзінде исламды қабылдап үлгірген Берке мен Беркежарды (деректерде Беркечаллин делінеді) атап көрсетеді [18, 27 б.]. Сөйтіп, Батый ханның ұлы Сартақ Сарайдағы тақ үшін күрестің алғашқы құрбаны болып есептеледі. Сартақтың қазасынан кейін Батый ханның Тоған атты ұлының әйелі Борақшын хатын Ордадағы өзінің зор

беделін пайдаланып, өз ұлы Тұда Менгуді билікке әкелмек болады да, Ирандағы Төленің ұлы Құлағудан көмек сұрайды. Оның астыртын әрекеті ашылып қалып, сол үшін ол тақ үшін күрестің екінші құрбанына айналады [4, 150-151]. Одан кейін Батый ханның туған інісі Берке хан Сарай Менгу 5 жыл тақ иесі болады.

1290 жылдан бастап Сарай тағы үшін Менгу Темір хан ұлдары арасында күрес жүріп, ол күрес Жошы ханның сол жылдардағы ең беделді ұрпағы, жалғыз көзді Ноғайдың белсене араласуымен өтеді. 1292 жылы Менгу Темірдің бір ұлы Тоқта хан Ноғайдың көмегімен бауыры Тұлабұқадан тақты тартып алып, оның және тағы бес бауырының қанын төгеді де, жеке дара билікке келеді [4, 155]. Ал басқа бір дерек мәліметінде оның тақтан үміткер барлық сұлтандарды өлтіріп, таққа келгенін және шексіз билікке ие болғандығы баяндалады [18, 100]. Өтеміс қажы дерегінде Тоқта ханның өз туыстарын өлтіруі туралы мынадай мәліметтер айтылады: «Ол өзі қайтыс болғаннан кейін ұлы Эль-Басармен (Ильбасар) тақ үшін ешкім таласпас үшін туыстары мен ұрпақтарын қырды» [3, 102]. Ал 1300 жылы Тоқта хан Ноғаймен күресіп, оны жеңеді де, «ұзаққа созылған «Ноғай бұлғағына» нүкте қояды» [4, 159-160].

Қарап отырсақ, Батый хан ұрпақтары Алтын Орда тағын иелену үшін және оны ұрпағына мұра етіп қалдыру үшін небір аяусыз қатыгездіктерге барып отырған екен. Тоқта ханнан кейін билікке келген Өзбек хан да бұл үрдісті одан әрі жалғастырады.

Алдыңғы беттердің бірінде айтып өткеніміздей, 1312 жылы Өзбек хан таққа отырысымен Тоқта ханның бір ұлы мен оның жанындағы 120 Шыңғыс хан әулетінің өкілдерін өлтірсе [12, 141], басқа бір деректе Тоқта ханның 2 ұлы мен 20 сұлтанды о дүниеге аттандырады [19, 213]. Өзбек ханның Алтын Ордадағы билігі 30 жылға созылып, сол жылдары мемлекеттің қандай деңгейге жеткенін жоғарыда айтып өттік.

Өзбек ханның үш ұлы – Тінібек, Жәнібек және Хызырбек болған. 1342 жылы Өзбек хан қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Тінібек отырады. Жәнібек пен Хызырбек оған қарсы бас көтеріп, жеңіске жетеді де, оны өлтіреді және көп ұзамай сол жылы Жәнібек інісін де ағасының соңынан жібереді [19, 101]. Туған бауырларын өлтіріп, 15 жыл хан болған Жәнібек ханның өзі 1357 жылы 22 шілдеде ұлы Бердібектің қолымен о дүниеге аттандырылады [13, 214]. Тарихта «әкесін өлтіріп таққа келгендерді «Жүзі Қара хан» деп атайтыны белгілі [20, 37; 21, 350]. Бердібек хан да сондай атаққа лайықты тұлға деп санаймыз. Сөйтіп, таққұмар Бердібек хан қанды жолмен арманына жетеді.

Осылайша, алдыңғы беттердегі қысқаша шолудан көргеніміздей, Берке ханнан Бердібек ханға дейінгі Алтын Орда хандарының бәрі дерлік билік үшін бауырлары мен туыстарының сүйегін аттап өтіп, тақты иеленген екен. Тақ үшін күресте сарай әмірлері, ханның әйелдері, жергілікті тайпа бектері және әртүрлі топтар өз мүдделері үшін аса зор белсенділіктер танытады. Ал Бердібек ханның екі жылдық билігі тұсында өз туыстарына жасаған

катігездіктері өзіне дейінгі хандардың бәрінің әрекеттерінен асып кетеді. Сол туралы төменде тереңірек қарастыралық.

1357 жылы 22 шілдеде бірден Алтын Орда тағының иесі болған Бердібек хан ең алдымен, болашақта өзіне қауіп төндіретін туыстарын қырудан бастайды. Тарихшы Әбілғазы Бердібек ханның адами қасиеттері туралы: «Бердібек хан өте залым және пасық, іші қара адам еді», - деп жаза келе, «Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкім қалдырмай, бәрін өлтірді», - деп «Аға-інісі, барлық туыстарынан ешкім қалдырмай, бәрін өлтіргендігін мәлімет қалдырады» [17, 117]. Оның өз бауырларын қалай өлтіргендігін «Ескендірдің анонимі» дерегінің авторы былайша баяндайды: «Ол (Бердібек) өзіне барлық сұлтандарды шақырып, бәрін бір сәтте өлтірді. Өзінің 8 айлық інісін Тайдулла бегім қолына алып келіп, нәрестенің жанын қия гөр деп жалынып сұрағанда, Бердібек оның қолынан сәбиді алып, жерге ұрып өлтіреді» [22, 129].

Ал Атеміс қажының еңбегінде Бердібек ханның өз туыстарына жасаған жауыздығы төмендегідей баяндалады: «Бұл Бердібек хан өте ақылсыз және мейірімсіз болды. Ол өз ұлдары мен жақын туыстарын хандыққа таласады деп өлтірді. Жұрттың айтуынша, қаңлы Төлебай (Туғлы бай, Тулубай) деген саны да көп, әрі күшті туыстары бар адам болыпты. Ол ханның аталығы екен. Ол не айтса да хан орындап отырыпты». Одан әрі Төлебайдың Самай атты ұлы болып, оның әрі батыр, әрі мерген болғандығы, Жәнібек хан заманында оның қарақшы болып, хан жарлығымен өлтірілгендігі айтылады. «Төлебай ұлының кегін қайтару мақсатында Бердібек ханға мынадай кеңес беріп, оны сендіреді. «Сен қазір жассың. Қазір сенен туылған ұлдар сенімен қатар есейеді. Сен күн сайын қартайған сайын, олар ержете бастайды. Қартайған кезінде олар сенімен тақ үшін таласып, тақты тартып алады. Сол себепті сен қазірден бастап оларды өлтіре бер». Сөйтіп бұл залым оны тыңдап, өз ұлдарын өлтірді» [3, 108]. «Сол кезде Өзбек ханның әйелі, Жәнібек ханның анасы – өте беделді Тайтұғлы бегімнің көзі тірі еді. Сайын ханның (Батый хан-Б.К.) ұрпақтарынан ешкім қалмаған кезде бегім: «Енді хандық пен жұрт Шайбан ұрпақтарының қолына өтеді», - деген екен» [3, 108-109]. Орыс жылнамаларының мәліметтерінде Бердібек хан өзінің 12 бауырын өлтірді деп айтылады [23, 229]. Бердібек ханның билігі екі жылға созылып, ақыры ол аталығы Төлебай және басқа да әмірлермен қоса Сарай әмірлерінің қастандығының нәтижесінде қаза табады [23, 230-231].

Тағы да Әбілғазыға жүгінсек мынадай мәліметтерді кездестіреміз: «Бұл пәниден өзі (Бердібек ханды айтып отыр. – Б.К.) өтпейтіндей көрінді. Ақыры патшалығы ұзаққа бармады, екі жылдан кейін 762 жылы опат тапты. Сайын хан әулеті Бердібекпен аяқталды. Өзбек ішінде, «Нар мойыны Бердібекте кесілді» деген мысал бар. Бұдан соң Жошы ханның өзге балаларының әулеті патшалық құрды» [3, 117].

Осылайша, жоғарыда айтқанымыздай, Бердібек ханның тақ үшін таластардағы қатігездігі өзіне дейінгі барлық хандардан асып түседі. Бердібек ханға дейінгі Алтын Орда билеушілері тақ үшін таластарда аға-

інілерін, немере туыстарын қырса, билікте ұзақ отырғысы келген Бердібек хан екі жыл ішінде туыстарымен бірге өз ұлдарын да аямаған.

Соның нәтижесінде 1359 жылы Батый хан әулетінен ер адам қалмайды. Тайтұғлы бегімнің айтқан сөзі дәл келіп, Бердібектен соң Алтын Ордадағы хан тағы Батый әулетінің қолынан кетіп, Жошы ханның басқа ұлдарының ұрпақтарына ауысады. Бердібек ханның өлтірілуімен Алтын Орда тарихында келесі кезең басталып, тарихта оны «Ұлы дүрбелең» жылдары деп атайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі.- Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. - 80 бет.
2. Из «Насировых разрядов» Джужджани. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
3. Утемиш-хаджи.Чингиз-наме. / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусейтовой. – Алма-Ата: Ғылым, 1992 – 296 с.
4. VII. Из энциклопедий Эннувейри. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
5. V. Из летописи Рукнеддина Бейбарса. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
6. III. Из биографии султана Эльмелик-Эльмансура Калавуна. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
7. VIII. Из летописи Шейха Эльбирзали. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
8. X. Из летописи Эддзехеби. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
9. XIV. Летописи Ибн Кесира.// В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
10. IX. Из сочинения Эльмуфаддала. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
11. XIX. Из истории Ибнхальдуна. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
12. Из «Продолжения Сборника летописей». // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
13. XV. Из «Истории Хайдера Рази». // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
14. XVI. Из летописи Ибндукмака. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
15. XIII. Из «Родословия тюрков». // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
16. XV. Описание путешествий Ибнбатуты. // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. I, СПб., 1884.
17. Әбілғазы. Түрік шежіресі.- Алматы: Ана тілі, 1991. 208 бет (Халық қазынасы).
18. Из «Летописи» Себастици. Мына кітапта: Армянские источники о монголах. – Москва; 1962.
19. VII. Из «Истории Шейх-Увейса» // В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
20. Таварих-и гузида –йи нусрат-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители:

- С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969.
21. Бахр ал-асрар фи манакиб ал ахйар.//Материалы по истории Казахских ханств XV – XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Алма-Ата, Наука, 1969.
 22. IX. Из «Анонима Искендира»// В.Г.Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. II, М.-Л., 1941.
 23. Полное собрание русских летописей, изданное по высочайшему повелению Археографическою комиссиею. Т. 10. VIII. Летописный сборник, именуемый Патриаршею или Никоновскою летописью СПб., 1885.

АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНДАҒЫ ӘМІРЛЕРДІҢ РӨЛІ.

Тасилова Назия Айтбаевна,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, т.ғ.к.

Аңдатпа

Бұл мақалада Алтын Орданың саяси тарихындағы әмірлердің рөлі, зерттелу мәселесіне қатысты тарихнамасы сарапталады. Зерттеу барысында әмірлердің лауазымына, ерекше қызметіне қатысты іргелі зерттеулер жоқтың қасы екені анықталды. Бүгінгі таңда бұл мәселемен В.В.Трепавлов, Б.Б.Кәрібаев, Ж.Сабитов, М.С.Ноғайбаеваның ғылыми мақалаларында қарастырылған. Алтын Орданың саяси тарихындағы әмірлердің рөлі мен қызметі әлі де зерттеуді қажет ететін маңызды тақырыптардың бірі екені анықталды.

Түйін сөздер: Алтын Орда, әмір, Ұлық қараша бек, беклербек, ноян, Ноғай, Едіге.

Ортағасырларда құрылған Алтын Орда мемлекеті бүгінгі таңда Ресей, Украина, Молдова, Қазақстан және Кавказдың жерінде орналасқан Еуразия тарихында өшпес із қалдырған мемлекеттердің бірі. Алтын Орда мемлекетінің саяси тарихы мен оның билеушілері жайында көптеген деректер мен зерттеу еңбектері бар. Олардың ішінде ең маңыздылары деп Фазлаллах Рашид-ад-Диннің «Жами ат-тауарих» (Жылнамалар жинағы) деген тарихи еңбегі XII-XIII ғасырлардағы монғол және түрік тайпалары мен халықтарының тарихы жөніндегі мейлінше елеулі еңбек болып табылады. Рашид-ад-Диннің мәліметтері осы кезеңнің тарихын зерттейтін көптеген авторлардың еңбектеріне негіз болды. Жами ат-тауарих» Шыңғыс ханның ата-бабалары мен оның ұрпақтары туралы жазылған мейлінше толық нұсқадағы дерек көзі болып табылады [1].

Жошы генелогиялық тармағы, ұрпақтарының шежіресі «Муизз эл-ансаб фи шаджарат салатин могул» деген еңбекте біршама нақты мәліметтер кездеседі. Зерттеуші В.Г.Тизенгаузеннің Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағы құнды ортағасырлық деректердің жиынтығы

болып табылады. Әсіресе, ондағы Алтын Орда тарихында елеулі қызмет атқарған тарихи тұлғалар, хандарға қатысты мағлұматтардың маңызы зор. Атап айтсақ, Муин ад-дин Натанзидің «Мунтахаб ат-тауарих-и-Му ини» («Ескендір анонимі») дерегіндегі мәліметтер ерекше құнды [2].

Әбілғазының «Шаджара-ий тюрк» («Түрік шежіресі») атты еңбегіндегі түрік тайпалары мен Шыңғыс хан, оның ұрпақтарының тарихы, көшпелі өзбектер мемлекетінің тарихы, Қазақстан мен Орта Азиядағы, Маңғыт (Ноғай) Ордасындағы Шайбанилер әулеті туралы мәліметтері маңызды.

Өтеміс қажы ибн Маулана Мухаммед Достың «Шыңғыснаме» мәліметтерінің ортағасырлардағы Қазақстан территориясында өмір сүрген ру-тайпалардың саяси, этникалық, шаруашылық, әлеуметтік-мәдени өмірінің проблемаларын шешуде зор маңызы бар. Бұл деректің ең басты маңыздылығы Алтын Орда мемлекетіндегі билік, ұлыстарға бөлу, басқару тарихына қатысты мәліметтердің болуы.

Соңғы ортағасырлардағы Алтын Орда тарихын зерттеуде XIV-XVII ғасырлардағы орыс жылнамалары, ресми құжаттары мен мұрағат материалдарының зор маңызы бар. Орыс жерлері Алтын Ордаға бағынған кезең орыс жылнамаларында русь князьдарының Орданың билеушілерімен қарым-қатынастарының көптеген беймәлім тұстары көрсетілген. Олар Алтын Орданың ішкі, қоғамдық-саяси жағдайы туралы, атап айтқанда, XIV ғасырдың 60-70 жылдарындағы Орда билеушілерінің түрлі топтарының өзара қырқысқан күресі туралы айтылады. Мамай, Тоқтамыс, Едіге, Әмір Темір заманына қатысты және бұл билеушілердің ыдырап бара жатқан Алтын Орданың тағдырына ықпал етуге және сол арқылы Мәскеуге, Литваға, Польшаға, олардың мемлекеттік орталықтандыру жолындағы күресіне кедергі жасауға тырысқан әрекеттерін сипаттайтын материал алуан түрлі.

Жошы Ұлысының саяси тарихының кеңестік тарихнамасында В.В.Бартольд, А.Ю. Якубовский, Г.Ф. Федоров-Давыдов, М.Г. Сафаргалиев, И.Б. Греков, Н. Мұқамедияров, В.Л. Егоров және т.б. зерттеген ғалымдардың еңбектерінде маңызды мәселелер қарастырылды, алайда идеологияға сай бұрмалану мен ауызша деректердің аз қамтылуы орын алды.

Алтын Орда тарихына қатысты батыс, орыс елдерінің тарихнамасында көптеген еңбектер жазылған. XIX ғасырдың 30-жылдарының (1826, 1832 жылы) өзінде-ақ Ресей ғылым Академиясы Алтын Орда тарихы жөніндегі шығармаларға бәйге жариялады. Мұның өзі Алтын Орда тарихына деген қызығушылықтың мол болғандығын көрсетеді.

Кез-келген мемлекеттің пайда болуы, дамуы мен құлдырауы, күшеюі мен әлсіреуі билеушісінің жүргізген саясатының нәтижесі болып табылады. Алтын Орда тарихында да әр билеушінің өзіндік орны, мемлекетке қосқан үлесі, артықшылықтары мен кемшіліктері болды. Тарихи деректердің негізінде әр ханның Алтын Орда тарихындағы қызметін айқындап, тарихи бағасын беруге болады. Алтын орданың негізін қалаған Жошының екінші ұлы – Бату хан еді. Бату, Берке хандар кезінде мемлекет құрылып,